

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ХРОМТАУ АУДАНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№9 «ЖҮЛДЫЗ-АЙ»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-ДЕТСКИЙ
САД №9 «ЖУЛДЫЗ-АЙ» ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТИУБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

Хромтау қаласы, Республика көшесі 59 «Б»
e-mail: zhuldyzai010822@mail.ru
БСН 220740047501

Хромтау, у.э. Республика 59 «Б»
e-mail: zhuldyzai010822@mail.ru
БИН 220740047501

Бұйрық № 36 п/к

Хромтау қаласы
«24»қыркүйек 2025ж.

«Кеңес беру пункті туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
2024 жылғы 28 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген «Ата-аналарға
арналған консультациялық пунктердің қызметін ұйымдастырудың үлгі
ережесі» негізінде

Бұйырамын:

1.2025-2026 оқу жылы «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»МКҚК-да
қамтылмаған балаларға және олардың ата-аналарына арналған
консультативтік пункт құрылсын. төмендегідей жауапты маман және
қызметкерлер тағайындалсын:

2.Кеңес беру пунктерінде жауапты етіп «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-
балабақшасы»МКҚК психологі Есжанова Света Ташкенбаевна
тағайындалсын.

2. Кеңес беру пунктеріне келесі құрамдағы қызметкерлер бекітілсін:

- С.С.Баймагамбетова-басшының м.а;
- И.А.Джанадилова-әдіскер;
- С.Т.Есжанова-психолог;
- Б.С.Кияшева-дефектолог;
- Г.К.Койшыбаева-дене шынықтыру нұсқаушысы;
- Д.Б.Шауменова-медбике;
- Ж.О.Тлеумаганбетова-тәрбиеші;
- А.А.Мухамбеткалиева-музыка жетекшісі;

3.Кеңес беру пунктеріне жұмыс кестесі бекітілсін.

«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»
МКҚК-ның басшысының м.а.



Баймагамбетова С.С.

«Бекітемін»:

№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

МКҚК-ның басшысы м.а.

С.С. Баймағамбетова

« 08 » 09 2025 жыл

**«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның
консультациялық пункт мамандарының
жұмыс кестесі**

№	Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы
1	Дүйсенбі	15.00-16.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Басшы Әдіскер
2	Сейсенбі	15.00-16.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Педагог - психолог
3	Сәрсенбі	13.00-14.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Денешынықтыру нұсқаушысы
4	Бейсенбі	14.00-15.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Дефектолог
5	Жұма	13.00-14.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Медбике
6	Бейсенбі	15.00-16.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Тәрбиеші
7	Жұма	15.00-16.00	№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Музыка жетекшісі

Консультациялық пунктін мамандары :

Басшы- Баймағамбетова С.С.

Әдіскер - Джанадилова И.А.

Педагог –психолог : Есжанова С.Т.

Дефектолог- Кияшева Б.С.

Медбике – Шауменова Д.Б.

Тәрбиеші: Тлеумағамбетова Ж.О.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Койшыбаева Г.К.

Музыка жетекшісі: Мухамбеткалиева А.А.

«Бекітемін»:

№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

МКҚК-ның басшысы м.а.

С.С.Баймағамбетова

« 08 » 09

2025жыл

**«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай– бақшасы» МКҚК-ның
2025-2026 оқу жылына арналған
мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балалар үшін
«Ана - аналарға арналған консультациялық пункт» жұмысының жылдық
жоспары**

Мақсаты: отбасылардың жеке қажеттіліктеріне негізделген ұсынымдар арқылы консультациялық пункттерде ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары мен заңды өкілдерін күтім жасау, дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша хабардар ету деңгейін арттыру. Мобильді қосымша күтім жасау, дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың (туғаннан бес жасқа дейін) ата-аналары мен заңды өкілдерін ақпараттандыру деңгейін арттыру.

Міндеттері:

- 1) баланың дамуы үшін ата-аналарға жайлы орта құруға көмектесу.
- 2) ерте дамыту және күтім жасау мәселелері бойынша атааналардың құзыретін арттыру.
- 3) цифрлық технологиялар арқылы тексерілген ақпаратқа қол жетімділікті жеңілдету.
- 4) ата-аналар мен мамандар арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

№	Іс - шаралар мазмұны	Жауапты мамандар	Өткізілетін мерзімі
1	Ата– аналар консультациялық пунктiнiң жоспарын құру, мамандарды анықтау, балабақшамен қамтылмаған ата-ананы тiркеу. Консультациялық пункттiң 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекiту. Мамандардың жұмыс кестесiн бекiту.	Меңгерушi Баймағамбетова С.С. Әдiскер Джанадилова И.А.	Қыркүйек

2	«Балабақшадағы бір күнім» Танысу әңгімесі. Балабақша бойынша шолу экскурсиясы	Педагог – психолог Есжанова С.Т.	Қыркүйек
	Ата-анаға кеңес «Баланың балабақшаға бейімделуі»	Тәрбиеші	
3	Күз мерекесі «Күз сыйы» көрме	Тәрбиеші	Қазан
4	«Отбасында ұтымды тамақтануды ұйымдастыру»	Медбике Бижанова Г	Қараша
5	«Графаматорика»	Дефектолог Кияшева Б.С.	Желтоқсан
6	«Көңілді балақай» эстафеталық ойын	Дене шынықтыру жетекшісі Койшыбаева Г.Қ.	Қаңтар
7	Ойын іс – әрекет «Балаңызбен бірге ойнаңыз»	Тәрбиеші Тлеумаганбетова Ж.О.	Ақпан
8	Ертеңгілік «Баланың музыкалық ырғағын дамыту»	Музыка жетекшісі Мухамбеткалиева А.А.	Наурыз
9	«Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын білесің ба?	Әдіскер Джанадилова И.А.	Сәуір
10	Сауалнама «Сізқандай ата-анасыз?»	Педагог – психолог Есжанова С.Т.	Мамыр

Анықтама

Қатысушылар:Ата-ана мен бала

Күні: 17.09.2025жыл

Қатысқандар:2

Тақырыбы:«Балабақшадағы бір күнім».

Мақсаты:Балаларды балабақшадағы сыйластық қарым-қатынас туралы түсінік беру.Онда жұмыс жасайтын қызметкерлер жайында әңгімелеу.Сөздік қорын дамыту.

Әңгімелесу барысында ата-анамен балаға шаттық шеңбері орындалды, бала шеңбер бойына тұрып психологпен бірге өлең жолдарын қызыға қайталады. «Балабақшадағы бір күнім» тақырыбында психолог балаға төмендегі сұрақтарды қоя отырып әңгіме жүргізді.

- 1.Балабақшада немен ойнағанды ұнатасың?
- 2.Балабақшаның қандай тамағы ұнайды?
- 3.Балабақшада нені тыңдап үйрендің?
4. Балабақшаның аты қалай аталады?
5. Балабақшадан не үйрендің?

Балалармен «Иә ма, жоқ па?» ойыны ойналды, балабақша қызметкерлері туралы сұрақтар қойылып, олардың қандай жұмыс атқаратындығы туралы балаларға түсіндірілді. Сергіту сәті жасалды және қорытындылау мақсатында сұрақтар қойылып балалар сұрақтарға жауап берді.

Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалармен психологтар«Балабақшадағы бір күнім» тақырыбында әңгіме жүргізді.Ата-анамен бала ойынға жақсы қатысып, сұрақтарға белсене жауап берді.

Хатшы: ЕсжановаС.Т.



Анықтама

Қатысушылар: Ата-аналар

Күні: 26. 09. 2025 жыл

Қатысқандар: 3

Қатыспағандар:

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Балабақшаға бірінші рет келген бүлдіршін үшін алғашқы ай бейімделу кезеңі болатыны сөзсіз. Бейімделу дегеніміз бала ағзасының жаңа немесе өзгерген жағдайға үйренуі. Кез келген балаға жаңа бөлменің, жаңа ойыншықтардың, жаңа адамдардың, жаңа өмір ережелерінің бір мезетте ұсынылуы эмоционалды және мәліметтік стресс болып келеді. Нақты күн тәртібі, ата-ананың жоқтығы, құрбыларымен қарым-қатынас, мінез-құлыққа жаңа талаптар, жалпы жаңа орта балабақшаға жаңа келген бала психикасына ауыр жүк болып, нәтижесінде ұйқысы бұзылып, тәбеті жоғалып, қорқыныштар да пайда болып, бала жиі ауырады.

Баланың балабақшаға бейімделу дәрежесін оның психикалық және физикалық денсаулығы анықтайды. Бейімделу сипаты келесі факторларға байланысты:

Баланың жасына;

Баланың даму деңгейіне және денсаулық жағдайына;

Анасының аяғы ауыр болғандағы баланың биологиялық және әлеуметтік анамнезіне.

Жағымды бейімделу бес күннен бір айға дейін созылып, балада салмақтың түсуі, көңіл-күйдің және тәбеттің болмауы, ұйқының бұзылуы сияқты жағымсыз белгілер байқалмай, күн тәртібі сақталып, белсенді ойын, жақсы тамақтану, ұйықтау, құрбыларымен және ересектермен араласу орыналады. Егер бала аурушаң болса, жүйке-психикалық амуы қалыс қалса (мысалы сөйлеу дамуының артта қалуы диагнозы), үй және балабақша тәртіптері арасында үлкен айырмашылық байқалса, отбасында жеткіліксіз эмоционалды қатынас жасалса, қолайсыз бейімделу өтеді. Мұндай жағымсыз психозэмоционалды жағдай үш айдан алты айға дейін созылып, бүлдіршін өзін жайсыз сезініп, жабырқаулы көңіл-күйде болып, топ балаларымен белсенді ойнамай, жылап, тәрбиеші сөзіне, балабақша режелеріне бейжай қарауы мүмкін.

жасаған жөн. «Бала жылап-жылап қояды» деген жаңсақ пікірден алшақ болып, балада балабақша туралы теріс пікір қалыптаспауын қамтамасыз ету керек. Оны болдырмау үшін:

Топта эмоционалды қолайлы атмосфера тудыру керек.

Ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату қажет.

Бейімделу кезінде ойын іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырып, «бала-ересек», «бала-бала» арасындағы эмоционалды қарым-қатынасты жақсартқан абзал.

Баланың балабақшаға бейімделуіне ата-ананың көмегі

(ата-аналарға арналған жадынама)

Ата-ана баласының бейімделуін жеңілдету үшін төмендегідей қадамдар жасағаны дұрыс:

мекемемен (менгерушімен, топ тәрбиешілерімен, дамыту және тәрбиеле бағдарламасымен, үйге берілетін тапсырмалар мазмұнымен, күн тәртібімен, тамақтану мәзірімен, ойын алаңымен, т.б.) танысу;

тәрбиешілерге бала туралы толық мәлімет беріп, оның ерекшеліктерін айту, оларға сенім білдіріп, бірлесе әрекет ету, ата-аналар жиналысына қатысып отыру;

баламен әңгімелесу және ойнау (балабақшаны мақтау, яғни онда қызықты танымдық сабақтар болатынын, би билеп, ән салумен қатар суреттер салатынын айту, басқа балалар арасында ойнаумен, тәтті ботқа лар жеумен қызықтыру, арнайы киімдер, кеңсе заттарын әперу арқылы қызығушылығын арттыру, балабақша жағдайын үйде ойнау, әсіресе балаға тәрбиешінің рөлін беру, т.б.);

балабақшаға түсудің алғашқы күндері баланы серуендеуге қатыстырып, екі-үш сағаттан қалдырып, ойнау әрекетіне тарту, үйренуін қадағалап отыру, күнде топта болған жағдайларды сұрастырып, айтылған жайттарды үйде қайталап, өрісін кеңейту, жағымды сәттерге баса назар аудару, таңертеңгі уақытта баланы балабақшаға әкелгенде қолға ұстамау, жетектеу, топқа жіберер алдында көп әңгімелеспей;

бала үйде болғанда махаббат пен қамқорлыққа бөлеу (жылы сөйлеу, зейінді тыңдау, тактильді және көздік контакт жасау) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету (міндетті түрде балабақшада налып кететінін айту, белгіленген уақытта келіп отыру, балабақшаны жағымсыз бейнеде танытпау);

баланың қарым-қатынас аясын кеңейту, басқа адамдарға жағымды қатынас қалыптастыру, үй ауласында таза ауада жиі серуендеу, қолдау ретінде өзіне

ұнаған ойыншықтарды әперу, сүйікті ойыншықтарын топта ойнауға беру, дәруменге толы әр түрлі тамақ дайындау, денсаулығын қадағалау;

демалыс күндері күн тәртібін сақтау, баланың тұру уақытын 30-40 минутқа ғана кешеуілдету, үйде дербестікті қолдау, өз бетінше әрекететуге ынталандыру.

Баланың балабақшаға бейімделуінде маңызды орынды отбасы алады, себебі ата-анасына тым бағынышты балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі екі талай. Ата-ана зейін көрсетіп, қолдау жасауға, уақытында баладан алшақтай алуға, жайсыздықта керек сөзді тауып уатуға, қажет болғанда талап қойып, оны орындатуға, шыдамдылық танытып, байсалдылық көрсетуге дайын болғаны жөн.

Балабақша – бүлдіршін үшін ұжымдық қарым-қатынастың бірінші тәжірибесі. Әр баланың мүмкіншілігі, қабілет-қарымы әртүрлі болуына қарай бейімделуі де түрліше өтеді, сондықтан алдымен баланың жағымды ішкі эмоционалды жағдайын қолпаштау керек. Балаға жайлы және жақсы болғанда ғана ол ортаға тез үйреніседі, үйлесімді дамиды. Бүлдіршін ата-анасы сұрамай-ақ балабақшада жаттаған такпағын көңілдене айтып берсе, күні бойы болған топ оқиғаларын өзі баяндаса – бұл оның бейімделгенінің бірінші белгісі. Ата-ана мен педагогтар бірлесіп, балаға оң психологиялық ахуал тудыра алса ғана бала тұлғасы қалыптасып, жан-жақты дамиды.

Қорытындысы:

Ата -аналарға тәрбиеші «Баланың балабақшаға бейімделуі » тақырыбында кеңестер берді.

Хатшы: Есжанова С.Т.



Анықтама

Күні: 24.10.2025 ж

Көрмеге қатысушылар: балабақшаның ересек тобындағы балалар мен ата-аналар.

Тақырыбы: «Күзгі сый» көрмесі

Мақсаты: ата-аналармен және тәрбиешімен бірлесе отырып, балалардың шығармашылығын дамыту.

Тапсырмалар: балалар мен олардың ата-аналарының эмоционалды реакциясын ояту, қиялын, шығармашылық қабілетін, эстетикалық қабылдауын дамыту. Табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті, оны құрметтеуге баулу.

Міне, тағы да көптен күткен күз. Бұл жер ең қымбат киімдерді киетін жылдың мезгілі. Күз суретшісі ең жарқын түстерді алып, жұмысқа кіріседі. Барлық ағаштар мен бұталар Күзді өзінше бояйды: кім сары киіммен, кім ашық қызылмен. Қарағай мен шыршаның өзі оны қалай безендіруді білмейді. Сондықтан олар жазғы қара-жасыл түсте тұр. Және одан да талғампаз, түрлі-түсті күзгі киімдегі жер одан да жарқын болады.

Тоғайлар мен емен ормандары күзді алтынмен және қып-қызылмен безендіріп, бізге шығармашылыққа кең мүмкіндік береді. Күз — жылдың керемет мезгілі, ол өзінің сұлулығымен бізді өзі сияқты әдемі нәрсе жасауға шабыттандырады!

Қорытындысы:

Балабақшада біз өз тобымыздың балаларының жұмыстарының көрмесін ұйымдастырдық. Барлық балалар көп тырысты. Балалар мен олардың ата-аналары қолөнер бұйымдары мен аппликацияларды қызығушылықпен қарады. Өз қолдарымен қолөнер бұйымдарын жасай отырып, өз жұмыстарының нәтижесін көре отырып, балалар жағымды эмоцияларды бастан кешірді. Балалар өз жұмыстарын топтың интерьерін безендіруде қолданды, оларды туыстары мен достарына қуанышпен сыйлады.

Аптаның соңында "Күзгі сый" ертеңгілігінде көрмеге белсене қатысқан отбасылар дипломдармен марапатталды.

Хатшы: Есжанова С.Т.



Анықтама

Қатысушылар: Ата-анамен бала

Күні: 27.11.2025 жыл

Қатыскандар: 2

Тақырыбы: «Отбасында ұтымды тамақтануды ұйымдастыру»

Мақсаты: Ата-аналарға балабақшаның ас мәзірін жасалу жолымен таныстыру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануы олардың үйлесімді өсуінің, физикалық және жүйке-психикалық дамуының, инфекцияларға және басқа да қолайсыз экологиялық факторларға төзімділігінің қажетті шарты болып табылады. Дұрыс құрастырылған тамақтану балалардың бойында пайдалы әдеттерді қалыптастырады, тамақтану мәдениетінің негізін қалайды, ағзаның инфекцияларға және басқа да қолайсыз сыртқы факторларға төзімділігін арттыруға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тамақтандырудың негізгі қағидасы олардың диеталарының максималды әртүрлілігі болуы керек. Күнделікті рационға барлық негізгі азық-түлік топтары - ет, балық, сүт және сүт өнімдері, тағамдық майлар, көкөністер мен жемістер, қант және кондитерлік өнімдер, нан, жарма және т.б. енгізілгенде ғана. Балаларды барлық қажетті қоректік заттармен қамтамасыз етуге болады, аталған азық-түлік топтарының кейбірін алып тастау немесе, керісінше, олардың кез келгенін шамадан тыс тұтыну сөзсіз балалардың денсаулығының бұзылуына әкеледі. Өнімдерді дұрыс таңдау – бұл қажетті шарт, бірақ мектеп жасына дейінгі балалардың дұрыс тамақтануы үшін әлі де жеткіліксіз. Дайын тағамдардың әдемі, дәмді, хош иісті болуын қамтамасыз етуге ұмтылу керек, яғни. қатаң диета болуы керек, ол кем дегенде 5 тағамды қамтуы керек: таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі тағамдар, кешкі ас және олардың үшеуі ыстық тағамды қамтуы керек. Тамақтану арасындағы аралықтардың ұзақтығы 3,5-4 сағаттан аспауы керек. Шамадан тыс жиі тамақтану тәбетті төмендетеді және осылайша қоректік заттардың сіңімділігін нашарлатады.

Қорытындысы:

Балабақшада балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру отбасындағы баланың дұрыс тамақтануы туралы балабақша дәмбикесі КияшеваБ.С. түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Хатшы: ЕсжановаС.Т.

Анықтама

Қатысушылар: тәрбиеленушілер

Күні: 19.12.2025 жыл

Қатысқандар: 3

Тақырыбы: «Графамоторика»

Мақсаты: Балалармен ұсақ моториканы дамыту, графикалық жаттығулар арқылы баланың қолын мектепке дайындау және графамоторлық дағдыларын жетілдіру.

Мазмұны:

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады.

Қорытындысы:

Балалар қарындашпен ойнады (затты айналдырып сызу және оны сызыққа тастау)

- саусақпен жеке қимыл жасады.

Ойынды жүргізген: Дефектолог: Кияшева Б.С



Хатшы: Есжанова С.Т.

Анықтама

Қатысушылар: тәрбиеленушілер

Күні: 29.01.2026 жыл

Қатысқандар: 3

Тақырыбы: «Көңілді балақай!» эстафеталық ойын.

Максаты: Балалардың қимыл –қозғалыс белсенділігін арттыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Топпен жұмыс істеу, бір-бірін қолдау, жеңіске деген жігерін дамыту.

Ойын шарты:

Балалар 3 топқа бөлініп тұрады.

Дене тәрбиесі маманының белгісімен балалар тапсырманы орындайды.

1. «Самокат тебу»

Бала белгіленген жерге дейін самокат теуіп барып, белгіні айналып, қайтадан орнына келеді.

2. «Кім жылдам?»

Балалар жолдағы обручтан секіріп, белгіленген жерге барып келеді

3. «Допты жина»

Бала допты екі қолымен ұстап, белгіленген шеңберге дейін апырып қояды да, кері жүгіріп келеді.

Қорытынды:

Дене тәрбиесі маманы балаларды белсенді қатысқандары үшін мадақтады.

Хатшы: Есжанова С.Т.



Анықтама

Қатысушылар: Ата-ана мен балалары.

Күні: 24.02.2026 жыл

Қатысқандар: 6

Тақырыбы: « Балаңызбен бірге ойнаңыз »

Мақсаты: Ойнау арқылы балалар айналасындағыларды, қоршаған ортаны танып-біліп, есте сақтау қабілетін арттырады, ойындағысын толық жеткізуді үйренеді. Сондай-ақ ойын олардың қиялына қанат бітіріп, алға жетелейді.

Ата-аналарға арналған кеңес:

Ойын - мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінің жетекші түрі және ең жақсы әдіс баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерін шешу.

Рөлдік ойындар баланың элеуметтік санасын қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады және қарым-қатынас дағдыларын дамыту мүмкіндіктері. Ересектердің өмірі балаларды тек сыртқы келбетімен ғана қызықтырмайды. Оларды адамдардың ішкі дүниесі, олардың арасындағы қарым-қатынас, ата-аналардың бір-бірімен, достарымен, басқа адамдармен қарым-қатынасы қызықтырады. Олардың еңбекке, айналадағы заттарға қатынасы. Осының барлығын олар ойындарға ауыстырады, осылайша жинақталған мінез-құлық тәжірибесін, қарым-қатынас формаларын бекітеді. Ата-аналардың балаларымен бірлескен ойындары балаларды рухани және эмоционалды байытады, жақын адамдарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін қанағаттандырады, өз күшіне деген сенімін нығайтады.

Театрландырылған ойындар балаларға өте ұнайды және олар үлкен қуанышпен оларға белсенді қатысады. Театрландырылған қойылым коммуникативті дамудың тиімді құралы болып табылады және серіктестік сезімін дамытуға және жағымды қарым-қатынас тәсілдерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Мазмұны:

Жетекші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар мен қымбатты балалар!

Кіші мектеп жасына дейінгі балалар бірге ойнауды біліп қана қоймай, өз бетінше ойнауды үйренуі керек. Ойындағы дербестік ересектермен, үлкен балалармен, құрдастарымен ойын қарым-қатынасы барысында біртіндеп қалыптасады. Кішкентай баланың ойын дамытудың маңызды тәсілдерінің бірі - ойыншықтарды жасына қарай таңдау. Бала үшін ойыншық – бұл ойын орталығы, материалдық қолдау.

Театрландыру.

"Жеті лақ" ертегісі.

Мақсаты: Ертегі арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын қалыптастыру.

Ал енді балалар ертегі кейіпкерлерін қолдарына киіп қызықтап көрсетіп, ойнайды. Ата-аналары ертегіні әңгімелеп айтады.

"Күн мен жаңбыр" ойыны

Мақсаты: Ойындар балалардың ойыннан қуаныш алуына жол ашады, есте сақтау қабілетін, зейінін, байқампаздығын, көзін дамытады. Ойындар танымдық болғанымен, ұжымдық ойын қарым-қатынас жасауға да үйретеді.
(Балалар музыка әуенімен жүреді және белгі бойынша (музыка тоқтайды) ата-аналарына жүгіреді)

Қорытындысы:

Балалар мен ата-аналар ертегіні мен ойынды қызықтап бірге ойнады. Балалар ересектерге еліктейді: басқалармен қарым-қатынас жасау тәсілі, олардың іс-әрекеттері туралы түсінді және үйренді. Кішкентайынан ертегі тыңдап, ойын ойнап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ойын жаңа өскін балауса буынның сана — сезімін оятып, ақыл — есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді.

Ойынды жүргізген: Тәрбиеші Тлеумағанбетова Ж.О.

Хатшы: Есжанова С.Т.

